



ИДРТЭБД АТЫШ НОНЫНБЕРЖ ОГ ИДПЫЖ ОЭРГ ТЭЭРГ

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, уақыт бөліп, қазақстандық БАҚ өкілі ретінде маған сұхбат беруге келіскеніңіз үшін Сізге көп рахмет. Өйткені, мен Ақордаға сирек келетін, арнайы пулдың құрамына кірмейтін журналистмін. Соған қарамастан, осындай мүмкіндікке ие болып отырмын. Бұл үшін алғысым шексіз...

– Шын мәнінде, кейінгі кезде сұхбат алу жөнінде маған отандық және шетелдік телекомпаниялардан көп өтініштер түсіп жатыр. Олардың бәрінен бас тарттым. Тек «Хабар» телеарнасына, соның ішінде президенттік пулға кірмесеңіз де, Сізге ғана мүмкіндік беріп отырмын. Кәсіби мамансыз. Бүгін өте тұшымды әңгіме болады деп сенемін.

– Бүгін, шын мәнінде, тарихи сәт. Себебі бәрімізді әлі де алаңдатып отырған қасіретті қаңтар оқиғасынан кейін алғаш рет отандық БАҚ өкіліне сұхбат бергелі отырсыз. «Енді не болады?» деген қобалжу да бар. Мен сол оқиғалар кезінде өзімнің сүйікті қалам – Алматыда, демалыста едім. Яғни болған оқиғаның бәрін өз көзіммен көрдім десем де болады.



Қ.ТОҚАЕВ:

тын жұмыс көп. Бір айта кетерлігі, содырлар мен олардың командирлерінің көпшілігі Алматыдан кетіп үлгерген. Бірі ауыл-аймаққа, енді бірі шекарадан өтіп көрші елдерге қашты. Тағы біреулері бет әлпетін өзгертіп бұғып қалды. Сақал-мұрттың қырып, сыртқы келбетін өзгертіп ел ішінде жүргендері де бар. Оларды тұтқындаса, «біз жәй өтіп бара жатқан едік» деп байбалам салып жатыр. Олай болмайды. Алматыдағы тәртіпсіздіктердің ауқымын өзіңіз көрдіңіз. Ал, жеме-жемге келгенде бәрі де жәй жүргінші боп шыға келеді. Әрине, азаматтарды заңсыз ұстау, оларға күш қолдану деректерінің бәрі тексеріледі. Бұл мәселелерге мұқият қарау керек.

– Әрине, мұның бәрін тексерген жөн. Бірақ қазір құқық қорғау органдарының іс-әрекеттеріне қатысты көп сын айтылып жатыр. Сіз оған назар аударып, Бас прокуратураға тапсырма бердіңіз. Дегенмен, элевметтік желілерде бейбіт тұрғындарды ұрып-соғып, азаптайды деген жазбалар «желдей есіп» тұр.

– Ондай арыз-шағымдарда асыра сілтеп жібергендер де бар. Әрине,

## Азаматтарымыздың құқығы бұзылмайды

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Хабар» телеарнасына берген сұхбаты

Расында, терезенің арғы жағында жарылған граната ма, әлде «Калашниковтың» кезекті оқ жаудыруы ма, айыра алмадық. Бәріміз бұл сұмдықтың тезірек аяқталуын тіледік. Сол оқиғалардан кейін біраз уақыт өтсе де, көпшіліктің көкейінде көп сұрақ қалды. Әркім әртүрлі айтып, сан-саққа жүгірмеді. Бұл, шын мәнінде, бұзақылыққа ұласып, бақылаусыз кеткен бейбіт шеру ме әлде алдын ала жоспарланған мемлекеттік төңкеріс пе? Шын мәнінде не болды?

– Бұл – алдын-ала жоспарланған қастандық әрекет. Наразылықтар бейбіт митингілерден басталып, соңы бұзақылыққа, тонаушылыққа ұласты. Осы оқиғалар – кәсіби адамдардың ойластырған және солардың жүзеге асырған жымсықы операциясы. Әуелі жұртшылық бейбіт митингке шықты. Демонстранттарға қарсы күш қолданылған жоқ, қолданылуы да мүмкін емес еді. Келесі лекпен олардың орнына жәй ғана бұзақылық істеп, полиция қызметкерлеріне сес көрсетіп, тас лақтырып жүрген жастар келді. Артынша үшінші толқын жалғасты. Бұлар арнаулы дайындықтан өткен кәдімгі кәсіби лаңкестер басқарған тонаушылар, кісі өлтірушілер, зорлық жасаушылар еді. Содырлар күштік органдар ғимараттарының орналасқан жерін өте жақсы білген және сол нысандарға шабуыл жасалды. Лаңкестерді материалдық құндылықтар қызықтырған жоқ, оларға қылмыстық істер, құқық қорғау қызметкерлерінің жеке құжаттары керек болған. Яғни бұның өте мұқият ойластырылған, ше-

телдік содырлар жалданған террористік операция екені анық. Өзіңіз білесіз, олар Алматының әуежайына шабуыл жасады. Қазір тергеу амалдары барысында әуежайды Орталық Азиядағы қалалардың бірінен ұшып келген адамдарды күтіп алу үшін әдейі басып алғаны анықталып жатыр. Сырттан келгендер – арнайы дайындалған содырлар мен олардың командирлері. Лаңкестер гас-тарбайтерлер ретінде ұшып келіп, шекаралық өткізу бекеттерінен кедергісіз өткен. Сөйтіп қалаға кіріп жоспарлы операцияларды басқарған. Кейін құқық қорғау органдары күш алып, қайыра соққы бергенде, тез арада сол Алматы әуежайы арқылы ұшып кеткен. Сондықтан тағы да қайталап айтамын, бұл – жоспарлы түрде жүргізілген операция. Олардың мақсаты – мемлекеттік институттарды жою, конституциялық құрылымға нұқсан келтіру, түптеп келгенде билікті басып алу. Дегенмен, әлі де тергеу жүргізілуде. Бәрі де анықталады.

Енді, «Бұған олар қалай қол жеткізді?» деген сұрақ қойғыңыз келіп отырған шығар. Қазір біз ауқымды тергеп-тексеру жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Өкінішке қарай, дәл осындай жағдайда құқық қорғау органдарының нақты әрекет ету алгоритмі болмай шыққаны анықталды.

Мен Мемлекет басшысы ретінде командалық-штабтық, әскери бірнеше оқу-жаттығу жиынына қатыстым. Бұл жаттығулар шынайы жағдайлар, соның ішінде Алматыда болған оқиғалар кезінде ешқандай пайдаға аспады.

Біздің ұстанымымыз – демонстранттарға қарсы қару қолданбау.

Полиция қызметкерлерінде атыс қаруы болған жоқ. Оларда тек дыбысты граната, көзден жас ағызатын газ және сумен атқылайтын техника ғана болды. Бірақ, бұл машиналарды қолдана алмады. Себебі бұзақылар тартып алған. Ал, содырлар бейбіт демонстранттарға қарсы қару қолданбау жөнінде полиция қызметкерлеріне бұйрық берілгенін білген. Қолдарында тек күрек пен сойыл ғана бар жас десанттар өте қатты зардап шекті. Бұзақылар оларды шешіндіріп, Президент резиденциясына шабуыл кезінде тірі қалқан ретінде пайдаланған. Олар әйелдерді де аямаған, тіпті ешқандай аяушылық сезім болмаған.

Тергеу барысында лаңкестердің қарулы қақтығыс кезінде есірткі тұтығаны анықталып жатыр. Қақтығыстардың соңына қарай күштік құрылымдар қару қолданып, содырлардың аяқтарынан атқан. Сол кезде олар жараланып құласа да, ауырсынуды білмеген, тіпті сезбеген. Міне, бұл да олардың өте мұқият дайындалып келгенін көрсетеді.

Бұзақылардың көпшілігі Алматыдағы бес жұлдызды қонақүйде жатқаны анықталды. Олардың ақшасын кім төледі? «Қазақстан» қонақүйінің бірінші қабатында командалық штабтары орналасыпты. Қазір тергеу жүргізілуде. Бірнеше адам сұрақтарға жауап беріп жатыр. Бұрын, тіпті, ойға келмеген деректер ашылууда.

– Осы мемлекеттік төңкеріс жасау әрекетінің артында кім тұр деп ойлайсыз?

– Оны тергеу анықтайды. Алдын-ала ештеңе айтқым келмейді және оным дұрыс болмайды. Әлі атқара-

Алматыда болған оқиғаға байланысты алаңдаушылықтарды түсінуге болады. Сондықтан Бас прокуратураға әрбір жағдай бойынша мұқият тексеру жұмыстарын жүргізуді тапсырдым. Бұдан бөлек белгілі құқық қорғаушы, адвокат Айман Омарова бастаған Қоғамдық комиссия құрылыпты. Оны бұқаралық ақпарат құралдарынан оқып білдім. Мен бұл шешімді қолдаймын. Шын мәнінде, қайғылы оқиғалар кезінде болған жағдайларды жан-жақты тексеру үшін қоғам белсенділерін тартуымыз керек.

Адам құқығы жөніндегі омбудсмен Эльвира Әзімова мен белгілі құқық қорғаушы Жеміс Тұрмағамбетованың уақытша ұстау изоляторларына барып, ұсталғандармен кездесіп, олардың жағдайларын көріп, арыз-шағымдарын тыңдап жүргенін білемін. Бұл өте пайдалы жұмыс деп санаймын. Мен Мемлекет басшысы ретінде азаматтардың құқықтарының бұзылмауына мүдделімін. Әрбір жағдай жіті тексерілуге тиіс екенін тағы да қайталап айтамын.

– Осы іске жұртшылықтың араласқаны жақсы болған екен. Құқық қорғау органдарына қандай да бір еркіндік берілді. Қалай ойлайсыз, олар асыра сілтеп жібермей ме?

– Біз бұл мәселеде «Сцилла мен Харибданың» арасынан өткендей болуымыз керек. Ең алдымен, бейбіт азаматтар мен Алматы тұрғындарына қарсы бұзақылық әрекеттерге қатысқан адамдарды табуымыз қажет. Екіншіден, азаматтардың құқықтары бұзылмауға тиіс.

(Жалғасы 2-3-беттерде).

# Азаматтарымыздың құқығы бұзылмайды

## Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Хабар» телеарнасына берген сұхбаты

Бұл әрекеттерге мыңдаған бұзақы қатысты деп жаңа айттым ғой. Енді, аяқ астынан, бәрі «кездейсоқ жүргінші» болып шыға келді. Мен полицияның заңсыз әрекеттерін ақтап отырғаным жоқ. Егер ондай жағдайлар болса, біз міндетті түрде жолын кесеміз. Ішкі істер министрі тиісті ескертпесін алды. Сондықтан мүмкіндікті пайдалана отырып, азаматтарға, Алматы тұрғындарына құқықтарының бұзылмайтынын мәлімдеймін.

**- Жиырма мың террорист болды деген дерекке қатысты сұрақ көп. Олар қайдан келген?**

– Біріншіден, Алматыдағы бұзақылық әрекеттер бір сағат қана болған жоқ. Полиция департаментінің ғимараты үшін жүргізілген соғыс екі түнге созылды. Полициялар содырлардың барлық шабуылына тойтарыс берді. Екіншіден, лаңкестер полиция мен әскери қызметшілерді сан басымдығымен алды. Бұл содырлардың өте көп болғанын білдіреді.

Үшіншіден, бандиттер Алматыға полиция блок бекеттері қойылған жақтан, яғни үш бағыттан келіп, талқандап кетті. Полициялар орын ауыстырып, қайтадан алаңға жиналған. Тағы да қарусыз еді. Мәселенің мәнісі – осында. Енді келіп, бұзақылар аз болды дейді. Шын мәнінде, бұзақылар лек-легімен жүрді. Оларды басқарып жүрген біреулер болды. Бір легі барды да, тонады. Одан соң екіншісі келді.

**- Сіз ескертусіз оқ атуға бұйрық бердіңіз. Бұл шешім АҚШ пен Еуропадағы демократиялық қозғалыстың алаңдаушылығын туғызды. Мұндай қатаң шешім қабылдауға не түрткі болды?**

– Жоғарыда аталған жағдай бойынша құқық қорғау органдары басшыларының нақты алгоритмі, іс-қимыл жоспары болмағанын айттым. Істің мән-жайын бағамдай алмадық. Оны ашық мойындауға тиіспін. Құқық қорғау органдарының басшылары өздеріне жауапкершілік алуға жүрексізді. Жігерсіздік танытты. Мен оларға: «Егер маршал Рокоссовский мен маршал Жуков Сталиннен әрбір іс-қимылдары туралы күнде келіп, рұқсат сұрай берсе, соғыста жеңер ме еді?» дедім. Бұл – нағыз соғыс. Жауапкершілікті мойынға алу керек еді. Осыған орай ашық мәлімдеме жасағанға дейін қарулы содырларға қарсы оқ атуға тиіспіз деп айтқан болатынмын. Мен жауапкершілікті өз мойныма алдым.

Ал, өз мәлімдемемде мұны қайталадым. Өйткені, жауапты адамдар жүрексізді. Дәл осындай жағдайда Мемлекет басшысы жауапкершілікті өзіне алуға тиіс деп ойлаймын. Мен – кәсіби дипломатпын. Мұның салдары қандай болатынын білдім. Бірақ, мен үшін мемлекеттің мүддесі, азаматтарымыздың қауіпсіздігі бәрінен де маңызды еді. Мен ол кезде Батыстың не дейтіні туралы емес, елімізде тәртіп орнатуды ғана ойладым.

**- Жағдайдың шиеленіскені соншалық, Сіз Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының бітімгерлік күштерін шақырдыңыз. ҰҚШҰ-ның бітімгерлік операциясы сәтті жүзеге асырылғаннан кейін «Владимир Путинге «қарыздар» болып қалды, енді бірқатар мәселе бойынша оның талаптарына келісуге мәжбүр болды» деген пікірдің бар екені жасырын емес. Мұндай пікірлер Ресейде де, Батыста да айтылып жатыр.**

– Біріншіден, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы – біздің ортақ ұйымымыз. Қазақстан – осы ұйымға мүше. 1992 жылы оны құруға атсалыстық. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев тиісті бастама көтерді. Сондықтан мен бөтен адамдардан емес, ҰҚШҰ-ны көмекке шақырдым. Демек, мен өзіме, яғни одақтастарымызға жүгіндім.

Екіншіден, ҰҚШҰ бітімгерлік күштерін тарту ісі осы ұйымның келісілген құжатына сәйкес орындалды. Сондықтан бұл заңды деп санаймын.

Үшіншіден, Қазақстанға келген ҰҚШҰ бітімгерлік контингенті бірде-бір оқ атқан жоқ. Бітімгерлік күштер стратегиялық нысандарды ғана күзетеді, қалған мәселені өзіміз шешеміз. Бізге тыл керек деп ең басында келісілген болатын.

Төртіншіден, Қазақстанға бітімгерлік күштердің келгені туралы ақпарат психологиялық тұрғыдан маңызды рөл атқарғанын, бұзақылардың зәре-құтын қашырғанын түсінген жөн. Мұның үлкен күш екені түсінікті. Айтпақшы, бұл біріккен бітімгерлік контингент. Оның құрамында Ресейден бөлек Беларусь, Армения, Тәжікстан және Қырғызстан елдерінің әскери бөлімдері де болды.

Ал, енді «қарыздар» және тағы да басқа қауесеттерге келер болсақ, бұған қатысты Владимир Путинмен ешқандай әңгіме болмағанын ашық айтамын. Кремль тарапынан да алдын ала ешқандай шарттар айтылған жоқ.

Түптеп келгенде, Қазақстан үшін Ресей одақтас мемлекет. 2013 жылы Екатеринбургте тиісті шартқа қол қойылды. Айтпақшы, мен ол кезде Женевада едім. Сондықтан бұл шартты әзірлеуге қатысқаным жоқ. Онда Қазақстан мен Ресейдің одақтастық қатынастары туралы айтылған. Біздің елдеріміз арасындағы байланыстар Алматыдағы оқиғаларға дейін де әрдайым тығыз, сындарлы әрі шын мәнінде серіктестік сипатта болды және жалғаса береді.

Мен ақпан айының ортасына қарай Ресей Президентінің шақыруымен Мәскеуге сапармен барамын. Сонда елдеріміз арасындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастыққа қатысты аса маңызды келісімге қол қоямыз.

**- Қасым-Жомарт Кемелұлы, интернеттің қауіпсіздік мақсатында сәндірілгені түсінікті. Осы кезде жұрт ақпарат ала алмай қалды. Түрлі ақпарат тарайды. Енді шын мәнінде не болғанын ежіктеп түсіндіруге мәжбүр болып отырмыз...**

– Рас, біз ақпараттық тұрғыдан жеңілгенімізді мойындауымыз керек. Ешкім менің бұйрығымды да, іс-әрекетімді де толық түсіндіре алмады. Кейіннен мен өзім тікелей араласып, ана жерге барып ананы айт, мына жерге барып мынаны айт деп тапсырмалар беруге мәжбүр болдым. Яғни ақпараттық тұрғыдан жеңіліп қалдық, Сізбен келісемін. Алайда, бізде оған уақыт болған жоқ. Өтіп кеткеннен кейін бәріміз ақылдымыз. Ол кезде біз туралы кімнің не айтатынын ойлайтын шама да болған жоқ. Мұндай жағдайда интернетті Қазақстанда ғана емес, басқа да бірқатар елде өшіреді. Себебі, оны теріс пайдалану адамдар өз мақсаттарына пайдаланып кетеді. Бандиттік құрылымдардың командирлері арасында ақпараттық тұрғыдан арнайы дайындықтан өткен адамдардың болғанын атап өту керек. Демек,

жалған ақпараттар легі, былайша айтқанда, фейктер үздіксіз ағылып жатты. Мұның Қазақстанға қарсы жан-жақты дайындалғандардың пайдасына жұмыс істегенін тағы да қайталап айтқым келеді.

**-Тұңғыш Президентке қатысты тақырыпқа нүкте қойсақ қайтеді. Сіз бен Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың арасында қандай да бір келісім немесе уағдаластық болды ма? Өйткені, ол телеарналар арқылы үндеу жасағанға дейін Сіздердің араларыңызда оның жеке басының және отбасы мүшелерінің артықшылықтарын сақтауға қатысты мәселе саудаға салынды деген қауесет бар.**

–Саудаға салу деген мәселе ешқашан болған емес. Жеке басының артықшылықтары жайлы да әңгіме қозғалған жоқ. Тек Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы мәртебесіне қатысты мәселені шұғыл шешу жөнінде әңгіме болды. Жасыратыны жоқ, жағдай ушығып кеткендіктен, мен халыққа үндеу жасап, осы сәттен бастап Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы екенімді мәлімдейтінім туралы мәселе көтердім. Бұл – сол сәтте шешілген мәселе.

28 қаңтарда «Nur Otan» партиясының съезі өтті. Сонда мен сөз сөйлеп, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тарихи рөліне лайықты баға бердім. Бұл әділ баға деп есептеймін және алдағы уақытта халқымыз осыған тоқтайды деп үміттенемін.

**-Митингтер басталған кезде көптеген танымал азамат адамдарды көшеге шығуға шақырды. Жалпы, қоғамдағы түрлі жағдайларға қатысты пікір білдіріп жүретін зиялы қауым өкілдері мен танымал тұлғаларға қатысты Сіздің ойыңыз....**

–Тарихтың аумалы-төкпелі сәттерінде зиялы қауымның рөлі айрықша көрінеді. Басымыздан өткен трагедияға қатысты айтар болсақ, зиялыларымыз бен медиа тұлғалар есеңгіреп қалған сияқты. Өйткені, ол кезде ахуал тез өзгеріп жатты. Бейбіт шерушілердің орнына алғашында бұзақылар, кейіннен кәсіби бандиттер келді. Осы сәтте алаңдағы арпалысты кейбіреулер түсінбеді. Мүмкін кейбір бұқаралық ақпарат құралдары бейбіт шерушілерге қатысты жазалау шаралары қолданылды деп, бәрін әдейі бұрмалап көрсеткен шығар. Ал, шын мәнінде, бұл қасіретті бастан өткерген біз іс жүзінде басқаша болғанын анық білеміз. Қазақстанға шабуыл ұйымдастырушылар алаңдағы жылдам өзгеріп жатқан аласапыранды әдейі ойластыруы мүмкін. Сөйтіп жағдайды ушықтырды. Мәселен, қалаға бандиттер кірген кезде Алматы тұрғындары олардың кімдер екенін түсінбестен, «міне, жарады, көшеге шықты, билікке қарсылық танытып жатыр» деп ұрандап, қолдау көрсетті. Сол кезде қала тұрғындары содырлардың бүкіл қаланы қиратып, отқа орап кететінін білген жоқ еді.

**- Енді, сүйікті қаламыз Алматы туралы айтар болсақ, қаланың Алматы, Алма-Ата атауларына қатысты әртүрлі пікір бар. Бұған сіздің көзқарасыңыз қандай? Сонымен қатар қала әкімі Бақытжан Сағынтаев пен оның орынбасарларына қатысты кадрлық өзгерістер бола ма?**

– Ал, өзіңіз қалай ойлайсыз?

Әкімнің орнында қалғаны дұрыс па әлде ауыстыру керек пе?

**- Сіз 26 мың адам қол қойған петицияны көрдіңіз бе?**

– Көрдім. Әкімге қатысты айтар болсақ, ол сол сәтте, шынымен де, абдырап қалды. Өмірінде бірінші рет осындай жағдаймен бетпе-бет келген шығар. Кез келген адам қысылғанда тығырықтан шыға білмейді. Сондықтан әкімді айыптағым келмеді. Ол міндетін адал атқаратын қызметкер. Дегенмен, алматылықтардың пікірлерін де ескеруім керек. Уақыты келгенде біле жатарсыз. Бұл – бір. Екінші, қала атауына қатысты. Қазір шешім қабылдап, барлық құжаттарды қайта өзгертудің қажеті не? Алматы деп атау қазақтілді жұртшылыққа қолайлы, ал, орыс тілінде Алма-Ата деп айту ыңғайлырақ. Ендеше былай келісейік, қаланың ресми аты Алматы болып қалсын. Ал, қала тұрғындары мен қаламызға бей-жай қарамайтын азаматтар өздеріне қалай ыңғайлы болса, солай атай берсін.

**- Сіз бизнесмендермен өткен кездесуде жастардың техникалық мамандықтарға көбірек бейімделуі керек екенін айттыңыз. Ол үшін Ресейде білім алсын дедіңіз. Осы бастаманы сынап жатқандар да бар. Олар неге Батыста емес, Ресейде оқу керек деген уәж айтады. Сіз, шынымен, Ресейдің білім беру жүйесін озық деп есептейсіз бе?**

– Ресейде техникалық білім беру сапасы жоғары. Бұл бәріне белгілі. Мысалы, Мәскеуде МФТИ, Бауман училищесі, Новосібір университеті, Томск университеті және басқа да жоғары оқу орындары бар. Әрине, ешкімді міндеттемеймін. Ол жай ғана Ресейге оқуға жіберген дұрыс деген ұсыныс болатын. Біріншіден, тіл мәселесінде кедергі жоқ. Екіншіден, екі ел стратегиялық серіктес, ірі бизнеске қатысты бірлескен кәсіпорындарымыз да бар. Бізге Ресейде оқып, техникалық мамандық алған кадрлар қажет. Кейбіреулер Батыста білім алғысы келеді. Оларға да еш кедергі жоқ. Бірақ, ол жақтың білімінің өзіндік ерекшеліктері бар екенін түсіну керек. Батыстың білімін идеал тұтпас едім. Олардың университеттері де диплом басып шығаратын кеңселерге айналып кеткенін білеміз. Жасыратын несі бар, біздің кейбір жастарымыз Батыстағы «ақшаңды төле де, біраз уақыттан кейін дипломыңды ал» дейтін оқу орындарында оқыған. Онысын танымал университет бітірдім деп тым әсірелеп жібереді.

**- Бизнесмендермен өткен кездесуде елімізде әлдебір олигополия қалыптасқанын айттыңыз. Бұл сөзіңіздің астарында не жатыр? Ат төбеліндей аздаған ғана іскерлер тобы экономиканың негізгі секторларын бақылап отыр дегеніңіз бе?**

– Иә, шын мәнінде, бұл алаңдататын өзекті мәселе. Олигополия дегеніміз не? Ол – экономиканың негізгі секторларын аздаған адамдар тобының толығымен бақылауы. Өкінішке қарай, бізде осындай жағдай қалыптасқан. Сол аз ғана адамдардың тобы жоғары басшылыққа өте жақын болып, мемлекет тарапынан қабылданатын шешімдерге ықпал еткен. Бұл жағдай бізде де бар.

**- Әрине, біз мұны түсіндік. Ал, енді не істейміз?**

(Соңы. Басы 1-2 беттерде).

– Жұмыс өте көп. Ең алдымен, орта және шағын бизнеспен айналысатын кәсіпкерлердің санын көбейтуіміз керек. Басқа жолы жоқ. Соларға жағдай жасап, несие ресурстарының қолжетімді болуын қамтамасыз еткен жөн. Біздің экономикамыз соншалықты үлкен деп айта алмаймыз. Қазір еуразиялық интеграцияның дұрыс немесе бұрыс екенін саралап отыратын уақыт емес.

Қалай болғанда да, еуразиялық кеңістікте өмір сүріп жатқанымызды мойындауымыз керек. Сондықтан оған бейімделіп, мемлекет мүддесі тұрғысынан интеграцияның игілігін көруге ұмтылған абзал. Бұл – біздің Үкіметіміз үшін ауқымды әрі өте күрделі жұмыс. Үкімет қызметінің осы бағытына ерекше мән беремін. Бұған жауапты министр Премьер-министрдің орынбасары деген мәртебеге ие болды. Өйткені, ол Мәскеуде де, Еуразиялық экономикалық комиссия аясында да тең дәрежеде келіссөз жүргізе білуге тиіс.

**– Сіз Парламентте сөйлеген сөзіңізде қыркүйек айында әлдебір саяси-экономикалық реформалардың топтамасын ұсынатыныңызды айттыңыз. Қандай реформалар екенін білуге бола ма? «Егер бірдеңені өзгертіңіз келсе, одан құтылу керек» деген сөз бар. Бұрынғының бәрін жойып, қайтадан бастаймыз ба?**

– Мен кадрлардың бәрін ауыстыруға қарсымын. Біріншіден, оларды біліктілігі мен жұмыстарының сапасына қарай бағалау керек. Жұрттың талабы осы екен деп Үкіметті жүз пайыз өзгертіп, «Міне, мен келдім, мен – революционермін» деу – менің тәсілім емес.

Екіншіден, кадр да көп емес. Осы орайда мынадай бір әзіл-әңгіме бар, бәлкім бұл рас болуы да мүмкін. Бірде Берия Сталинге келіп, «Жазушыларға шара қолдану керек. Фадеев ішеді, Шолохов ішеді, Вишневский ішеді, Симонов ішеді, Алексей Толстой да бұдан кет әрі емес», дейді. Сталин оған: «Менің басқа жазушыларым жоқ» деген екен.

Бұл жерде де лайықты министрлерді іздеу керек. Көшеден әкеліп тағайындай салуға болады. Ондай жағдай әлем тарихында да бар. Бірақ, бұл тұрақсыздыққа әкелуі, бүкіл жүйені шатқаяқтатып жіберуі мүмкін. Сондықтан кадр мәселесіне мұқият болған жөн. Алдағы уақытта жан-жақты ойластырылған, пысықталған өзгерістер жасалатыны анық. Біз, ең алдымен, Қауіпсіздік Кеңесінің аясында ұлттық қауіпсіздік жүйесін реформалаймыз. Қаңтардағы қайғылы оқиғалар бұл мәселенің қаншалықты өзекті екенін көрсетті. Сондықтан осы проблеманы көп созбай шешу қажет.

**– Аталған реформаларды жүзеге асыру үшін қанша уақыт керек?**

– Реформалардың мәні адамдарды өзгерту емес. Реформалар, ең алдымен, жүйені өзгерту немесе жүйенің кемшіліктерін түзетіп, оның қызметіне түбегейлі өзгерістер енгізу деген сөз. Алда болатын кейбір оқиғаларға болжам жасай отырып, еліміздегі парламент пен партия жүйесін реформалау жөнінде ойларым бар. Мемлекет басшысы ретінде бұл туралы 28 қаңтарда өткен партияның съезінде айттым. Президент қоғамдық-партиялық және саяси қарым-қатынастардың бәрін біршама жоғары тұрауға тиіс деп санаймын. Әртүрлі қоғамдық-саяси күштерді мемлекетіміздің мүддесіне жұмылдыра білуіміз керек.

**– Иә, бәлкім, елімізде лайықты оппозиция бірте-бірте қалыптасар. Әйтпесе, меніңше, оппозиция деген жай сөз ғана сияқты.**

– Әрине, оппозиция бізде бар, бірақ көбінесе көшеде ғана. Сізбен келісемін. Билік партиясының өзінде де оппозиция бар. Бұған дейін айтқанымдай, партия қоғам қажеттіліктерін ескере отырып, қайта құрылуға тиіс. Мәжілісте бірнеше күшті партиялар болуы керек деп санаймын. Тіпті, Үкіметті жасақтау кезінде конституциялық басымдық болмаса, олар ортақ мәмілеге келуі керек.

Бізге саяси мәдениет қалыптастырып, саяси қайраткерлерді өсірген жөн. Себебі, мұндай экстремистік жағдайларда бізге қоғамдық популизм мен экзальтация қажет емес. Мысалы, Германияда барлығы да мәдениетті түрде өтеді. Партиялар ауысады. Адамдар байсалды сөз сөйлейді. Басқа партиялар оларды тыңдап, белгілі бір мәмілеге келеді. Үкіметтегі негізгі лауазымдарға өздерінің адамдарын ұсынады. Уақыт өте келе, біз де осыған келеміз деп ойлаймын. Мен Президент болып тұрған кезде осы нәтижеге қол жеткізім келеді.

**– Шын мәнінде, қазіргі уақытта халық Сізден зор үміт күтеді. Елімізде өзгеріс жасай алатын Президент бар деп түсінеміз. Бұрын мұндайды сезінбейтін едік...**

– Бұрынғының бәрін сынап бермейік. Қалай болғанда да, бұл – біздің тарихымыз. Бірақ, менің Президент ретіндегі басты міндетім – бүкіл қоғамды және барлық саяси жүйені, соның ішінде экономиканы трансформациялаудың оң нәтижесіне қол жеткізу. Қазақстан халқына арнаған ең алғашқы Жолдауымда саясат пен экономика қатар жүретінін айтқан едім. Қазіргі тарихи жағдайда бүгін экономикамен айналысамыз, ал, саясат күте тұрады деп айта алмаймыз. Экономикалық жаңғыруды қарқынды жүзеге асыруда саясат та маңызды рөл атқаратыны белгілі. Түптеп келгенде, баршаңыз Марксты оқыдық, әсіресе, менің замандастарым. Бұл жөнінде Маркстың: «Негіз – бұл экономикалық базис. Бірақ, экономикалық базиске ықпал ететін саяси құрылым бар. Кейде экономикалық базиске қарағанда, саяси құрылым әлдеқайда маңызды рөл атқарады» деген ой-тұжырымы бар. Сондықтан қоғамды саяси трансформациялаумен қатар экономиканы қайта жаңғыртуды да бірге алып жүру керек. Бұл – менің миссиям. Қанша уақыт Қазақстан Президенті болатынымды білмеймін. Бірақ, нақты білетінім, Конституцияға сәйкес екі мерзімнен ұзақ отыра алмаймын. Яғни ешқандай заңға, әсіресе, Конституцияға өзгерістер енгізілмейді.

**– Сот жүйесіне реформа жасала ма?**

– Тұрасын айтайын, сот жүйесіне алаңдаушылықтың болуы заңды. Қазіргі уақытта реформа жүргізіліп жатыр. Оның қалай және қандай қарқынмен іске асырылып жатқаны – басқа мәселе. Мен кәсіпкерлермен өткен кездесуде бұрын болмаған Әкімшілік істер жөнінде алқа құру туралы айттым. Бұл құрылым кәсіпкерлік мәселелерді, инвестициялық дауларды қарастырумен айналысады. Қазір біз судьяларды іріктеу кезінде шешуші рөл атқаруға тиіс Жоғарғы Сот кеңесінің мәртебесін біршама күшейтіп келеміз. Судьялар корпусына кәсіби судья емес адамдарды да жібердік. Кәсіби судья әділ төреліктің кепілі деген сөз емес қой. Сол сияқты корпоративтік сектор мен басқа да салаларға мамандарды жолдап отырмыз. Яғни судьялардың кәсіби құрамына өзгеріс жасау қажет. Оларға қойылатын басты талап – адалдық пен әділдік.

**– Сіздің бастамаңызбен құрылған «Қазақстан халқына» қорының қамқоршылық кеңесі жасақталды. Қазірдің өзінде 20 миллиард теңгеден астам қаржы түскен. Мүмкін, оның жұмыс істеуі әлі де нақтыланбай отырған шығар. Өйткені, олигархтар қорға ақша аударуға асығар емес. Бұл үрдіс тұрақты болу үшін оларға қатысты қандай да бір шара қолданыла ма?**

– Қазіргі кезде Қордағы ақша 20 миллиардтан әлдеқайда көп, шамамен 50 миллиард теңгедей. Мен Қордың жұмысына араласпаймын. Бұрынғы Қаржы министрі Болат Жәмішев Қордың басшысы болып тағайындалды. Қамқоршылық кеңесі бар. Олар қоғамдық бастама бойынша жұмыс істейді. Менің жұмысым Қорға жарна түсіру ісіне ықпал ету және бұл жөнінде өзімнің ұстанымды айттым. Біріншіден, бұл – салық емес, қайырымдылық. Бірақ,

әрдайым оның да белгілі бір параметрлері болуы керек. Үкімет салық салынатын табыстың 3 пайызы деп белгіледі және бұл тек ірі бизнеске ғана қатысты. «Қазақстан халқына» қоры науқас балаларға, бұқаралық спортқа, оның ішінде ауылдық жерлердегі балалар спортын дамытуға, Алматыны қалпына келтіруге, мәдениетті өркендетуге және басқа да игі шараларға көмектеседі. Бұл мәселелермен Қамқоршылық кеңесі айналысады.

**– Тағы бір мәселе. Еуропарламент Қазақстандағы оқиғалар бойынша қарар қабылдап, халықаралық тергеу жүргізуді талап етуде. Бұл құжатқа қатысты Сіздің пікіріңіз және Еуропарламент институтына көзқарасыңыз қандай?**

– Институт ретінде Еуропарламентке деген көзқарасым дұрыс. Осы құрылымға мүше болу мемлекеттерге қаншаға түсетінін адамдар білсе, онда бұл институтқа деген сыни көзқарастары күшейе түсер еді. Бірақ, бұған тоқталғым келмейді. Өйткені, бұл–Еуропалық одақтың мәселесі. Егер олар мұндай институт қажет деп санаса, өздері білсін.

Қарар ештеңеге міндеттемейді. Ұсыныс ретінде айтылған. Қазақстанға қатысты екінші рет қарар қабылданып отыр. Мұны мүлдем объективті емес және күні бұрын қабылданған құжат деуге болады. Сондықтан бұл қарарға бола еш алаңдамаймын. Қазақстандағы оқиғаларға қатысты халықаралық тергеуге келетін болсақ, мұндай тергеу жүргізудің қажеті жоқ деп есептеймін. Өзіміздің де қолымыздан келеді. Бізде де адал әрі әділ мамандар бар. Бүгін ол азаматтардың біразының аттарын атадым. Бұл комиссияларды құруға мен де және менің әкімшілігім де қатысқан жоқ. Өздері ерікті түрде осындай институтқа шешім қабылдады. Жұмыс істесін. Өйткені, мен де ақиқаттың ашылып, шындықтың айтылуына мүдделімін.

Тағы бір айта кетерлігі, бұл қарардың қабылдануына лоббистер түрткі болған. Лоббистер–кезінде Қазақстанның қыруар ақшасын қалтасына басып шетелге кеткендер. Қазір олар сол ақшаларын елімізде түрлі шерулер ұйымдастыруға жұмсап, «қаншалықты жаман болса, соншалықты жақсы» деген қағидаға сүйенетін адамдардың тапсырысымен жұмыс істейді. Мен бұларды Өзбекстанның олигархтарымен салыстырамын. Шетелде мол қаражат тапқан олар өздерінің тарихи отанына келіп, Өзбекстан президентінен «Өзбек халқына не істей аламыз, қандай көмек керек?» деп тапсырма сұрайды. Содан кейін өз қаражаттарына ауруханалар, инфрақұрылымдар салады. Елімізде отырып немесе шетелде жатып, өз еліне шабуылдайтын біздің олигархтардың өзбек олигархтарынан айырмашылығы міне, осындай.

**– Соңғы кездері синофобиялық пікірлер байқалып жүр. Кейбір адамдар Қытайдың Қазақстан экономикасына қатысуына наразылық білдіруде. Қытаймен арадағы ынтымақтастықтың сипаты өзгере ме? АҚШ-пен қарым-қатынасымыз қалай өрбімек? Байланыстарымызға сызат түсуі мүмкін бе?**

– Қытайға қатысты айтар болсақ, көршіні біз таңдамаймыз. Қытай, ең алдымен, біздің Құдай қосқан көршіміз. Екіншіден, Қытай–экономикалық даму жағынан орасан зор табысқа жеткен ел. Жоғары технология, жасанды интеллект тұрғысынан алып қарағанда, алдындағы қатарда тұрған мемлекет. Әрине, Қытаймен ынтымақтастық жасауымыз керек. Біз Қытайдың нарығына тәуелдіміз. Елімізде стратегиялық өнімдер шығаратын ірі кәсіпкерлердің бәрі қытай нарығына үміт артады. Мұны жоққа шығару дұрыс емес. Қытайға қарсы шеру өткізетіндер өздерінің саяси мақсатын жүзеге асырғысы келетіні анық. Бәлкім олар экономикамызға не қажет екенін мүлде түсінбейтін және экономикалық шынайы ахуалдан хабары жоқ адамдар. Әйтпесе, әлемдік қоғамдастықта геосаяси

қақтығыстар жүріп жатқан қазіргі кезде оларға қандай да бір қорлар мен құрылымдардан ақша төленуі де мүмкін.

Жуырда өткен «Орталық Азия – Қытай» саммитінде былтырғы 11 айдың ішінде екі ел арасындағы сауда айналымы 17 миллиард долларға жеткенін айттым. Бұл–маңызды көрсеткіш. Біз Қытаймен арадағы сауда-экономикалық, инвестициялық серіктестікті одан ары дамытуға мүдделіміз. Қытайды тануымыз және қытай тілін үйренуіміз керек. Әрине, бұл «ақ жалау көтеріп, алдынан шығу» деген сөз емес. Біз Қытайдың үлкен әрі ұлы мемлекет екенін және екі елдің өте жақсы қатынаста болуы керектігін түсінгеніміз жөн.

Ал, АҚШ-тың қазіргі әлемде маңызды рөл атқаратыны баршаға мәлім. Біз энергетика саласы мен ядролық қаруды таратпау мәселесі бойынша әрқашан ынтымақтастықты дамыту бағытын ұстандық. Қазақстан бұл бағытты жалғастыруға дайын.

**– Сіз шынымен де мемлекет мүддесін жеке қарым-қатынасыңыздан жоғары қоясыз ба?**

– Осы соңғы оқиғалар мемлекеттің мүддесін бәрінен жоғары қоятынымды көрсетті деп ойлаймын. «Платон менің досым, бірақ ақиқат қымбат» деген сөзді көпшілікке ұнау үшін айтқан жоқпын. Бұл бос сөз емес. Шын мәнінде, Президент үшін мемлекеттің мүддесі қашанда бәрінен жоғары тұруы керек деп есептеймін. Менімен жақсы қарым-қатынастағы адамдардың да құлағына алтын сырға. Егер таразы басында мемлекеттің мүддесі тұрса, онда мен бұл қатынастан бас тартуға тиіспін.

**– Адами тұрғыдан қиын ғой. Олай істеу мүмкін бе?**

– Мемлекет басшысының міндеті – аса күрделі шешімдер қабылдау. Біз бүгін құқық қорғау органдарына қарулы бандиттерге байланысты берген бұйрығым туралы айттық. Әрине, мен өзіме және беделіме нұқсан келтіретін шешім қабылдадым. Әлемдік қауымдастық алдында мінсіз тұрғы болып, қол алысып, сөз сөйлеп жүре берген, әрине, жақсы. Ал, сыңа ұшыраған оңай емес. Сөз мемлекеттің қауіпсіздігі туралы болып отыр. Ең алдымен, өз азаматтарымыздың амандығын ойлаған абзал. Бұл мәселе үнемі Президенттің жадында болуы керек.

**– Жұртшылықтың басым көпшілігі еліміздегі тәртіпсіздіктер мен іске аспаған төңкеріс кезіндегі Сіздің шешіміңізді қолдады. Жақсы баға беріліп жатыр. Қазақтың бір ақыны сізге өлең арнады. Біз осы бәз-баяғы қалпымызда жүрген жоқпыз ба? Мұндай жағдайды бастан өткердік қой. Жалпы, мадаққа қалай қарайсыз?**

– Мен бұған қарсымын. Өйткені, мақтау, мадақтау сөздері мүлде жоқ ортада өстім. Мен мұндай жағдайларды қолдамаймын. Мақтау сөздерге табиғи иммунитетім бар дей аламын. Бірақ, біздің кейбір зиялы қауым өкілдерінің көзқарасын өзгерту оңай емес. Әрине, олар мүлде басқа ортада өсті. Мақтау сөздер мен мадақтың еш қажеті жоқ.

**– Қасым-Жомарт Кемелұлы, бүгінгі сұхбатыңыз үшін алғысым шексіз. Бәріміз қызығы мен шыжығы көп уақытта өмір сүріп жатырмыз. Қазақстанның бірде-бір тұрғыны жауапкершіліктен қашпайды. Өйткені, қазір мұны біз үшін біреу істейді дейтін заман емес. Бәріміз үшін елімізді жақсы жағына қарай өзгертетін, жайлы өмір сүруге ұмтылдыратын оңтайлы сәт туды деп ойлаймын.**

– Өмірге деген осындай оптимистік көзқарасыңыз үшін рахмет.

**– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, сұхбат бергеніңіз үшін тағы да рахмет айтамын.**

**Әңгімелескен Вера ЗАХАРЧУК, журналист. «Егемен Қазақстан», 31 қаңтар, 2022 жыл.**

# Аудан әкімі Шу өзені бойындағы ауылдарға барды



Өткен аптада аудан әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлы Шу, Тасты, Жуантөбе ауылдық округтерінде және Қыземшек кентінде болып, жергілікті халықпен кездесті. Бұл кездесудің мақсаты ауылдардың жай-күйімен танысып, тұрғындардың мәселелерін тыңдау болатын. Кездесу жиыны алдымен Шу ауылында басталды. Кездесу барысында тұрғындар сауалдарын қойып, аудан әкімі олардың өтініштерін тыңдады. Шу ауылдық округі тұрғындары кездесу барысында бірнеше мәселені алға тартып, шешу тетіктерін қарастыруды сұрады. Мәселен, Ж.Қаламбаев білім ордасы алдындағы жолға - жол кедергісін салуды, мектепке дейінгі аяқжол салуды ұсынды. Сондай-ақ, Шу-Тасты ауылы арасындағы күре жол бойындағы сексеуіл - жолаушыларға кедергі жасап, қиындық тудыратынын айтып, шағымданды. Сондай-ақ, балалар ойын алаңы салынса, мал тоғытатын, өлексе тастайтын орындар салынса, электр бағаналары жаңартылса деген ұсыныстарын жеткізді. Аудан басшысы тұрғындар көтерген мәселені алдағы уақытта шешілетінін айтып, тиісті бөлімге тапсырма берді. Көпшіліктің тағы бір ұсынысы Шу, Тасты ауылдарына жаңа жедел жәрдем көлігі алынып берілсе де-

ген мәселені көтерді. Аудан басшысы шалғайдағы ауыл үшін жайлы көліктің қажеттігі кезек күттірмейтін мәселе екеніне тоқталып, тиісті облыстық басқармаға сұраныс жіберетінін айтты. Сонымен қатар, Шу ауылында биылғы жылы бір көшені жарықтандыру іске қосылатынын жеткізді. Тасты ауыл округінде өткен кездесуде тұрғындар, мәдениет үйі салынып берілсе деген талап тілектерін жеткізді. Одан бөлек, жедел жәрдем көлігінің қажеттігін жайында айтты. Тұрғындарды толғандырған тағы бір мәселе, үй қажаттарын жинау қиындық тудырады дей келе, осыған тиісті мекемелерден арнайы топ шығып, құжаттарды жинап, оның заңды болу үшін халықпен жұмыс жасаса деген ұсыныстарын жеткізді. Шу өзенінің ескі көпірі жарамсыз жағдайға жеткенін айтып, жаңа көпір салынып берілсе деген мәселені алға тартты. Мұхит Сексенбайұлы көпірді заң бойынша иесіз мүлік ретінде танып, алдағы уақытта шешу тетіктерін қарастырамын деді. Тұрғындар тарапынан қойылған тағы бір сауал ауыл ішінде жүргіншілер жолы салынса деген ұсыныс болды. Аудан әкімі бұл мәселе биылдан қалмай шешілетінін жеткізді. Аудан әкімі кездесуден соң, ау-



ылдық округтердегі мектеп, аурухана, балабақша ғимараттарында болып, олардың жылу жүйесімен, жай-күйімен танысты.

Халықпен кездесу жиыны Жуантөбе ауылдық округі мен Қыземшек кентінде жалғасын тапты. Кездесу барысында Жуантөбе ауылының тұрғындары ауыл маңынан тұрмыстық қалдық тастайтын полигон салу мәселесін көтерді. Аудан әкімі тұрмыстық қалдық тастайтын полигон салу үшін облыстық басқармаға ұсыныс тасталып, тиісті жұмыстар жүргізіліп жатқандығын жеткізді. Облыс басқармасы мақұлдаса, Жуантөбе ауылдық округінде тұрмыстық қалдық тастайтын полигон салынады деді. Сонымен қатар, күре жол бойындағы жолаушыларға кедергі келтіретін сексеуіл кесілсе деген ұсыныс айтты. Аудан әкімі бұл мәселе орман шаруашылығы мекемесімен және тиісті орындармен ақылдасып, алдағы уақытта шешілетінін жеткізді. Тұрғындар С.Сейфуллин атындағы мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілсе, деді. Аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімі басшысы Нұрәлі Айдаров ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп отырғанына тоқталып, күрделі жөндеу жұмыстары үшін облыстық басқармаға ұсыныс беретіндігін айтты. Сондай-ақ, ау-

дан әкімі Қыземшек кентінде тұрғындармен кездесіп, олардың сауалына жауап берді. Тұрғындар мал өлекесін тастайтын орын мен тоғыт салу туралы сауал қойды. Аудандық арухана жұмысына қатысты сауалға бас дәрігер Талғат Қалдыбеков заң аясында атқарылатын жұмысты баяндап, тиісті жауап берді. Жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамту мәселесі көтерілді. Аудан әкімі бұл мәселе қазіргі таңда өзекті екеніне тоқталып, уран өндіретін компания басшыларымен кездесу барысында осы мәселені алға тартатынын жеткізді. Тұрғындар мәдени спорттық сауықтыру кешеніне жөндеу жұмыстары жүргізілуі қажеттігін айтты. Бүгінде жастардың көңіл көтеретін, бос уақыттарын тиімді пайдаланатын орын жоқтығын айтуда. Аудан әкімі алдағы уақытта нысанның құжаттарымен танысып, нақты шешім қабылдайтынын айтты. Сондай-ақ, аудан әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, Биыл Қыземшек кентіндегі үш көшеге асфальттау жұмыстары жүргізілетінін жеткізіп, тұрғындар ризашылығын білдірді.

**Нұрсұлтан ҚАНАТУЛЫ.**

## АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Аты - жөні	Елді мекен атауы	Кездесу өтетін орыны	Жауапты	Күні	Сағаты
1	1.Нұрланов Базарбай Нұрланұлы 2.Әлжанов Ролан Ізбасарұлы	Шу Тасты Жуантөбе Қыземшек	Ауыл әкімдігінің мәжіліс залы Ауыл әкімдігінің мәжіліс залы Ауыл әкімдігінің мәжіліс залы Ауыл әкімдігінің мәжіліс залы	Аудандық мәслихат аппараты	15.02.2022  16.02.2022	11:00 11:30 15:00 11:30
2	1.Ермаханов Мейрамбек Нысанбекұлы 2.Сүгірбаев Бағлан Қанжарбекұлы 3.Тұрғанбаев Берік Мыңжанұлы 4.Байғараев Бегімбет Биімбетұлы	Қаратау Қарағұр Созақ	Ауыл әкімдігінің мәжіліс залы Ауыл әкімдігінің мәжіліс залы Ауыл әкімдігінің мәжіліс залы	Аудандық мәслихат аппараты	17.02.2022 18.02.2022	11:00 15:30 11:00
3	1.Бекишов Құрманғали Әбиұлы 2.Жәмиева Қарлығаш Нышанбайқызы 3.Бейсен Іңкәр Әлібекқызы	Сызған Таукент	Ауыл әкімдігінің мәжіліс залы Ауыл әкімдігінің мәжіліс залы	Аудандық мәслихат аппараты	17.02.2022 16.02.2022	11:30 11:30
4	1.Жүсіп Фабит Елбергенұлы, 2.Есмұратова Гүлшат Есбергенқызы	Шолақорған	Ауыл әкімдігінің мәжіліс залы	Аудандық мәслихат аппараты	22.02.2022	12:00
5	1.Майусова Нұржамал Әбілжанқызы 2.Қабылбеков Елдос Қабылбекұлы 3.Төлепбергенұлы Олжас	Жартытөбе Құмкент	Ауыл әкімдігінің мәжіліс залы Ауыл әкімдігінің мәжіліс залы	Аудандық мәслихат аппараты	17.02.2022	11:30 15:00

**Ескерту: Белгілі себептерге байланысты кездесу күндері өзгеруі мүмкін.**

Біз созақтықтармыз! Бірімізге біріміз ағайын-туыс, қйда-жекжат, тіпті болмағанда көз көріскен замандаспыз. Қасиеті Теріскейдің алабында, Қаратаудың қойнауында, арқаның апайтөс даласында бір ауаны жұтып, бір елдің тілеуін тілеп жүрген жандармыз. «Төскейде малы қосылған, төсекте басы қосылған елміз» деген сөзден киелі де қастерлі сөз бар ма? Бір қатар сөйлемнің мағынасында бір романның жүгін көтерер ұлы рухты күш жатыр. Осынау ұғымы терең сөздің астарында ынтымақ пен ауызбіршіліктің, татулық пен бауырластықтың, берекелі бірлік, сол бірліктің күшімен келген тірліктің иісі аңқиды. Бабата ауылының тумасы, замандас, әрі құрдас бауырымыз Сержан Құндызбекұлымен осыдан бес-алты жыл бұрын аудан орталығы Шолаққорған ауылындағы алаштың арда азаматы. Ұлт жанашыры, тіл құдіреті Ахмет Байтұрсынұлының есімін иеленген мектепте жолығысыз, таныстық арттырған едік.



# «Алдымен адам бол деп жетелеген...»

Сөз қадірі мен іс қадірін қабыстыра білетін, жастардың жанашыры Сержан осы мектептің алғашқы ашылған жылдары оқушыларға дәріс берген алғашқы ұстаздарының бірі екен. Сержан әрбір жолы өзі алғаш еңбек жолын бастаған мектепке қал-қадірінше көмек беріп, сырттай болса жанашырлық пейілін танытып жүретін азамат екенін мектеп басшылығы да тілге тиек еткен болатын. Сол жолы мектептің жұмысы арнайы шақырып, мектептің спорт залының Сержанның есімін беруді ұйғарған екен. Сол игі бастаманың басында бірге болып, кейін аудандық басылымда көлемді мақала әзірлеген жайым бар еді. Кейін біздер бір-бірімізбен хабарласып, таныстықты одан әрі сыйластыққа айналдырған едік. Қайсыбір жолы кешкілік жұмыстан үйге келіп, енді шайға отыра бергенде телефон қоңырауы шылдыр ете қалды. Алсам осы ауданымыздың тумасы Маратұлы деген азамат екен. Амандық саулықтан соң «аға сіздердің газеттеріңізде неге қарапайым еңбек адамдары туралы мақала жоқ. Бар болса да кемшін. Ертеректе газеттің әрбір санындағы ең құрығанда бір бетінде шопандар мен механизаторлардың, диханшылар мен түрлі еңбек адамдарының ерен еңбек жолын дәріптеген, суретімен жариялаған алақандай шап-шағын мақалалар жүретін. Ал сіздер тым сирек жазасыздар. Олардың мәселе өлі-тірісінде емес. Еткен елеулі еңбегі кейінгі жастарға үлгі болады ма?» деген үмітіміз ғана еді?» деді. Шынын айтқанда сол азаматтың көкейіндегі сауалына, айтқан уәжіне риза болып қалдық. Редакциядағы әріптестеріме де осы мәселе жайында айтып өттім. Бірақ, біз бұл мәселені шетке сырып қойды деген сөз емес, қайта үнемі жандандырып келеміз. Жалпы, «газет оқымайтын мына заманда» газет туралы тұщымды пікір айтатын газет оқытын азаматтардың барлығына бек разы болдым. Әйтпесе, осы түрлі ақпарат беттерінде «жұртшылық газет оқымайды. Газеттің не керегі бар?» деген сөздер мен сұрқай сұрқатарға әлгі азаматтың ұсынысы тура жауап болғаны анық. Сол орайда мен жоғары да Сержан замандасымыздың бір жолы екеуіміз ара-әңгіме кезінде оның әкесіне деген сағынышы туралы айтқан әңгімесін санаға сақтап қалған едім. Сонда Сержан көңілі тілші сияқты әңгімесін бейнелеп, суреттеп айтқанда оның әңгіме айту шеберлігіне таң қалдым. Балалық шағы, ата мен әже тәрбиесі, әкенің отбасындағы қоғамдағы орны туралы кеңінен толғана әңгімелеп еді. Мүмкін бүгінгі қоғамда біз құрамыз, құрдық деп жүрген «Әкелер мектебі» деген жобаның жемісі осы шығар. Енді сол Сержан айтқан әңгіме ойыссақ.

-Менің әкем Сайлаубек Құндызбек 1948 жылы 15 ақпанда Түркістан облысы, Созақ ауданы, Баба-Ата елді-мекенінде дүниеге келген екен...

деп бастады әңгімесін Сержан сәл-кем ойы мен түйсігін бір арнаға жүйелеп алып. Әкем өз әкесі Сайлаубек Асайын атамыз бен Балтай әжеміден тараған 10 ұл-қыздың тұңғышы, төл басы еді. Атамыз Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангер. Сонда арғы бабамыз Сайлаубек күн сайын қырдың басына шығып, қолын күнге көлегейлеп қара жолдың бойына қараумен болады екен. Жалғыз ұлының жолына қарап күнін өткізіп, ілуде қара жолда шаң көрінсе сол шаң адамға айналып ауылға тақағанша тағат таппай алдынан шығып, үйіне шақырып, сусын беріп жөн сұрайды екен. Майдан даласынан оралып келе жатқан жауынгерлерді (әріне көбісі жаралы, мүгедек, аяқ-қолы жоқ) жаны қалмай күтіп: «Балам, менің ұлымды көрмедің бе? Көзіңе түспеді ме? Аты жөні Сайлаубек Асайын дейді екен жарықтық!» Соғысып жатса бәрі бір жерде жүрген шығар деп ойласа керек. Әйтпесе, кең байтақ КСРО-ның қай жері, қай өзені мен батпағы, тауы мен тасында қаншама Асайын атам сияқты жауынгерлер жүрді десеңізші!

Әкем Құндызбек 1955 жылы алғашқы мектеп табалдырығын аттап, 1963 жылы 8 кластық Мәншүк Мәметова мектебін бітіріп, одан ары 9-10 сыныпты Қаныш Сәтбаев атындағы жалпы орта мектебінде жалғастырып, Шымкент ауылында білім алған. Яғни, 1965 жылы мектеп бітіріп, аудан орталығы Шолаққорғанда шоферлық мамандық алып, еңбек жолын бастайды. 1966 жылы желтоқсан айында болашақ жан жары Серікбаева Рыстықыз Тұрсынбайқызы анамызбен көңіл жарастырып, жанұя құрады. Шофёрлық жұмысты Шымкенттік ауыл құрлысы «ПМК-18» мекемесінің қатарында өз ауылы-Жартытөбе совхозында жұмысын жалғастырады. 1977 жылы Шымкент облысы Созақ аудандық ауыл шаруашылығы мекемесінде қайта даярлау үшінші дәрежелі тракторист-машинист мамандығын алып, егін оруды науқанына қатысады. 1988 жылы Шолаққорған мал бордақылау базасына жұмысқа ауысады. 1983 жылдан бастап аудандық автобаза агроөнеркәсіп тасымалдау мекемесінде тәжірибелі шофёр болып, автобазға келетін жаңа көліктерді тексеруден өткізіп, қандайда бір ақаулары бар болса, ретке келтіріп, жастарға үйретіп, ақыл-кеңес беріп жүреді. 1994 жылдардан бастап Шымкент шаһарына қоныс аударып, ұл-қыздарына ақылшы болып, бағыт-бағдар беріп отырды. Құндызбек Асайынұлы 2011 жылы зейнеткерлік жасқа жетіп, құрметті демалысқа шығады. Құндызбек қарияның ел ішінде қосалқы «Ақаубек» деген есімі болатын. Ауылдағы жеңгелері Клара, Бибісара, Айжан, Шолпан, Салиха және тағы басқа үлкендер еркелетіп, атын атамай, Ақаутай деп еркелеткен сонымен қатар, «Ақаутай, айналайын балапаным, Ұстамасам қышиды екен алақа-

ным»-деп әндетіп, еркелеткен. Бертін есейе келе Ақаутай есімі «Ақау» болып өзгерген. Өзінің қарапайымдылығы мен еңбекқорлығының арқасында елдің сый-құрметіне бөленген.

Әкемнің ағайынға, бауырға деген қарым-қатынасы ерекшеленіп тұратын. Туысқан дегенде көмегін аямайтын. Оның дәлелі ретінде, мына оқиғаны айтқым келеді. Кезекті бір іс-сапардан «Камаз» автокөлігінің екі бірдей доңғалағы жарамсыз болып келіп, «Балам жаңа доңғалақ алмасақ болмайды екен» деп жөндеу жұмысына кірісіп жатқанымызда, ауылдан ағайын-інісі келіп, жағдай айтып, көмек сұрайды. Сол мезетте екі жаңа дөңгелек аламыз деп жинап жүрген қаражатты, інісінің қолына ұстатып жіберген еді. Ол кісі рахметін айтып, шығып кеткеннен кейін, «неге бердіңіз, өзімізге дөңгелек алуға керек еді ғой!» дегенімде, ол кісі «ия, балам, өзімізге керек еді, дегенмен ол інім ағамнан көмек сұрасам көмектесетін шығар деген үмітпен келіп тұр ғой, қолын бос қайтара алмадың» деген еді. «Ал енді ескі дөңгелекті қайта жамап-жасқап келесі айлыққа дейін амалдап, ретін табармын» дегені әлі есімнен кетпейді. Тағы бір есімде қалғаны, бір жолы автобаза басшылары әкеме «Аға, бір келсе, сіздің қолыңыздан келеді. Автокөлік жетіспеуіне байланысты, нөлден яғни, рамкадан бастап қолда бар қосалқы бөлшектерден «Камаз» автокөлігін жинап, құрастырып беріңіз?» деп өтініш айтады. Сол «Камаз» автокөлігін рамкадан тұрғызып, кузов жұмысын атқару барысында, жұмыс жасап тұрған автоген балонының шланғысы жарылып, күтпеген жағдай болды, сол кезде жылдам шешім қабылдап, сварщик екеуімізге «сендер арғы бетке секіріңдер» деп, өзі от шашып тұрған автоген балонына секіріп, кранын өшіріп, отты тоқтатқан еді. Бұл өте қауіпті жарылыстың алдын алу еді. 1994 жылы ата-анам, бауырларым Шымкент қаласына қоныс аударып, әр салада еңбек ете бастады. Мен, жанұямен 1997 жылы қалаға келіп, кәсіпкерлік жолды таңдап, отандық өнімді Алматы «Рахат» фабрикасының өнімдерін, Шымқала-аудан, ауыл тұрғындарына қол жетімді бағамен жеткізуді қолға алдық. 2008 жылы кондитерлік өнім-тәтті күлшелер өндірумен айналысудан бастадық. Дәл осы кезде өндірісті жүргізу барысында әкемнің тәжірибесі, ақыл-кеңесі, көмегі көп болды. 2013 жылы 22 қазан күні 65 жасында дүниеден озды. Әкем тірісінде, әр кезде «мен өз әкемнің жасынан аспаймын 65-66 жыл өмір сүремін» деп көп айта беруші еді. Асайын атам 66 жасында дүниеден озған. Менің әкем сол 65 жасында дүниеден өтіп, әкесінің жасынан озбады, -деп Сержан аз-кем ойға шомып кетті.

Иә, Секеңнің айтуы бойынша Құндызбек ағамыздың жұбайы Рыстықыз

Тұрсынбайқызы 1947 жылы 18 наурыз күні Ащысай қаласында Тұрсынбай мен Біліспаева Әнеш аа-анасының шаңырағында дүниеге келген. 1954-1962 жылдары Максим Горький атындағы 8 кластық орта мектебін бітіреді. Мектеп бітірген соң, Кентау қаласында 6 айлық сатушы мамандығын алып, асхана кассирі болып жұмыс жасайды. 1966 жылы Құндызбекпен танысып, отау құрады. 1966 жылдан 1982 жылға дейін Баба-Атада ата-енемен қарашаңырақта бірге тұрып, 10 ұл-қыз тәрбиелейді. 1982 жылы аудан орталығы Шолаққорғанда «Ерестік» балабақшасына жұмысқа орналасады.

-Анашым үлкен отбасының келіні болып, әкем екеуі өздерінен кейінгі бауырларының өсіп жетілуіне, тәрбиесіне көп көңіл болып, уақыттарын арнап, қарашаңырақта ұзақ отырған кісілер. Олар он ұл-қыз тәрбиелеп, ішінде Бақытжан есімді бауырым кіш-

кентай кезінде шетінеп, қалған 7 ұл, 2 қыз өсіп өніп, бір-бір бақытты жанұя болып, бала-шағаларынан немере сүйді. Әкем мен анам ата-енесінің рұқсатымен, мені нағашы ата-әжемге бала болсын, қолқанат болсын деген ниетпен 6 айлық кезімде берген екен. Әкем мен анамның кең жүректігі Шолаққорғанға көшіп келгеннен кейін, Ырысбике есімді әпкемді екі қызымен бауырына басып, бағып-қағып, емдетіп, оқытып, тәрбиелеп, қыздарды тұрмысқа беріп, ата-аналық парызын ақтаған жандар. 1994 жылдан бастап, Шымкент қаласына қоныс аударып, сол кездегі жаппай сауда-саттық науқанына қатысып халықты, күріштің түр-түрімен қамтамасыз етумен айналысты. Әкем мен анамның маған айтқан ақылы өсіп-өніп жетілуіне үлкен себепші болды. Шолаққорғандағы нағашы ата-әжемнің қарашаңырағында бәріміз бірге тұрған кезде, «балам сен жанұяңмен бөлек шығып, өздерің жеке шығып, өмір сүруге дағдылаңдар» деген ақыл кеңесін берді. «Неге біз, менен немесе келінімізден қателік кетті ма?» деген сұрағыма «балам, біздер қарашаңырақта, ата-ана, бауырларымыз қасында ұзақ жылдар бойы отырған адамдармыз, сол жылдарда өз балаларымыздың қалай өсіп, тез ер жеткендерін байқамай қалдық. Сендерге жақсы білім алып, өсіп өнулеріңе көп көңіл бөле алмадық, сондықтан сендер қазірден бастап, жанұяларыңа жақсы жағдай жасаңдар, балаларыңның болашақтарына көңіл бөліңдер. Біздер қазір өз қолдарымыз өз аузымызға жетіп отыр, бізге қарайламаңдар. Әлде-қайда қиын жағдай болса, сол кезде көмектесерсіңдер» деген ой салды. Осы сәттен бастап өз жанұямыздың алдындағы жауапкершілікті өз мойнымызға ала бастадық. Қазіргі таңда анамыз 75 жасқа толып, қарашаңырақта отыр. Кенже бауырым анамның қолында, анам құрметті демалыста. Көп балалы алтын алқа иегері. 41 немере, 19 шөбере сүйіп отырған, бақытты әже. Дүние мен малың атабабадан да, аға-бауырдан да қалған. Біздерден де қалады. Сондықтан кейінгі ұрпаққа өлмес мұра-кітап қалдырғым келеді. Кейінгі ұрпақ бабасы мен тұқияның, атасын мен әжесін, ағасы мен әпкесінің кім екенін біліп жүрсін. Сол мақсатты іске асырсам деген ойым бар,-дейді Сержан перзенттік пейілмен әңгімесін аяқтап. «Әке көрген оқ жонар» демекші, не істесем де елге керекті пайдалы іс істейін деп әке мұратын жалғаған Сержанның азаматтық ұстанымын көргенде осы ұлағатты қағидалы сөз ойға орала кетті. Әлде де елге бергенінен беретіні мол Сержанның ойында көптеген өрелі ойлар мен салмақты жобалары бар сияқты.

Мақсат ҚАРФАБАЙ.

# Кәсіби мамандар дайындау-бәсекеге қабілеттіліктің кепілі



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына «Халық бірлігі және жүйелі реформалар-ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауының III бөлімінде Сапалы білім беру мәселесіне тоқталған. Бұл жолдауда педагогика саласы қызметкерлерінің жалақысы 25 пайызға көбейетіндігі айтылды. Жалақының өсуі әрбір мұғалімнің сапалы білім беруге деген құлшынысын, жауапкершілігін арттырды. Сонымен қатар Жолдауда педагогикалық мамандықты қалап, оқуға түсетіндердің орташа баллы күрт 75 баллға өскендігі де айтылды. Бұның өзі ол мамандықты тек білім деңгейі жоғарылар ғана таңдай алатындығын көрсетті. Сонымен қатар білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде жұмыстар жүргізілуде. Жалпы, жаңа Мемлекеттік бағдарлама жобасында 2 мақсат, 11 міндет, 8 индикатор, 39 көрсеткіш қарастырылған. Осы бағдарламада көрсетілген мақсат, міндет-терді жүзеге асыру жолында университет оқытушы-профессорлары тынымсыз еңбек етуде.

Шымкент қаласындағы академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті педагогикалық, техникалық бағытта мамандар дайындап отырған оқу орны. Университетте филология және тілдер кафедрасы 6B01710-Қазақ тілі және әдебиеті, 6B01720-Орыс тілі және әдебиеті, 6B01730- Шет тілі:екі шетел тілі, 7M01710-Қазақ тілі және әдебиеті, 7M01730-Шет тілі:екі шетел тілі білім беру бағдарламасы бойынша педагогикалық бағытта бакалаврлар мен магистранттар даярлаумен айналысады. Білімі мен ғылымы қатар дамыған, өзіндік ерекшеліктерімен танымал филология және тілдер кафедрасы Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің үздік кафедралар қатарынан орын алады.

Филология және тілдер кафедрасын-

шетел тілі, 7M01710-Қазақ тілі және әдебиеті, 7M01730-Шет тілі:екі шетел тілі білім беру бағдарламасы бойынша педагогикалық бағытта білім алған кешегі студент, магистрант бүгінгі мекеме басшысы, аудармашы, ғылыми-зерттеу институттарының ғылыми қызметкерлері, колледж, мектеп мұғалімдері, тағы да басқа ел азаматтары – бәрі де бір-бір тұлға, білікті маман, халқының қалаулылары, елінің елеулі-лері. Бұл кафедра мәртебесін қалыптастырудағы басты фактордың бірі. Мамандар дайындау жұмыстарымен кафедраның білікті ғылым докторлары мен ғылым кандидаттары, магистрлер айналысады. Кафедра оқытушы- профессорлары университеттің барлық мамандықтарында қазақ тілі, ағылшын тілі, орыс тілі пәндерінен дәріс жүргізеді. Кафедрада ЖОО-ның бірегей интеллектуалдық әлеуетінен хабар беретін ғалымдар шоғырланған. Жоғары білікті 67 оқытушы-профессор дәріс береді, олардың құрамында 4 ғылым докторы, 5 PhD, 34 ғылым кандидаты, доценттер, аға оқытушылар, 21 магистр, аға оқытушы, 3 аға оқытушы және ҚР Білім және ғылым министрлігінің Жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі табыстары үшін «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің, Ресей Жаратылыстану Академиясының «Білім және ғылымға еңбек сіңірген қызметкері», Құрметті атағының, «Білім көшбасшысы» төсбелгісінің, «Білім беру ісінің үздігі», «Тәуелсіздікке 25 жыл», «Облысқа сіңірген еңбегі үшін», «Тұлға тағылымы 100 есім»,

«Жылдың жүз үздік қазақ тілі пәні мұғалімі», ҚР Ұлттық бизнес рейтингінің қорытындысы бойынша «Ұжым мақтанышы» медалінің иегерлері қызмет атқарады. Сонымен қатар, Филология және тілдер кафедрасы дайындайтын 6B01710- Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B01730-Шетел тілі: екі шетел тілі, 7M01710-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы 2018 жы-



мамандар дайындайтын болғандықтан, білім, ғылым мен инновацияның дамуына жағдай жасалған, материалдық және ғылыми-лабораториялық база нығайтылған. Заманауи үлгіде жабдықталған пән кабинеттері, Абайтану ғылыми-зерттеу кабинеті, тілдерді жетік меңгеруге арналған лингафон кабинеттері, Рухани жаңғыру кабинеті, компьютерлік кабинеттер студенттер игілігі үшін жұмыс жасайды. Президент Қ.К.Тоқаев биылғы халыққа Жолдауында Үкіметке 2025 жылға дейін 1000 мектеп салу туралы тапсырма берген болатын. Осы Жолдауды қолдау және 2020-2025 жылдарға арналған білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында біздің университет құрылтайшылары соңғы үлгідегі -500 орындық жатақхана құрылысын толық бітіріп, студенттерге тапсырды. Кафедра осы бағдарламада көрсетілген оқулықтарды әзірлеу, сараптау, басып шығарудың жаңа жүйесін енгізу мәселесін күн тәртібінен түсірген жоқ. Кафедра оқытушы-профессорларының бірнеше монографиялары, республикалық оқу-әдістемелік кеңестің шешімімен оқулықтары, оқу-әдістемелік нұсқаулықтары жарық көрген. Филология ғылымдарының докторы Жаңабекова Айман Әбділдақызы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тәстілеу орталығының сараптамашысы.

Біздің студенттеріміз биіктерді бағындырған, білімді, ғылымды игерген жастар. «BILIM ORKENIETI» ұлттық инновациялық зерттеу орталығы ұйымдастырған байқауда «Ең үздік студент-2019» «Жас ғалым-2020» номинациясының I дәрежелі жүлдегерлері. Облыстық «Қыз сыны» байқауының I дәрежелі жеңімпазы да біздің мамандық студенттері. Олар Халықаралық, республикалық, облыстық пән олимпиада, байқау жеңімпаздары. Сабақ үлгерімі үздік студенттерге, әлеуметтік жағдайы аз қамтылған отбасы балаларына, көпбалалы отбасынан шыққандарға, жартылай жетім балаларға, спорт шеберлеріне оқу төлемсізден 50-100 пайызға дейін жеңілдіктер қарастырылған. Президенттің, әкімнің, университет ректорының грантымен оқитын студенттеріміз де бар. Біздің білім беру бағдарламасы студенттерінің арасында Қазақстан Республикасы Ұлттық қордың есебінен 2019-2020 оқу жылында көпбалалы және мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардың балалары үшін республикалық трансфертен бөлінген мемлекеттік білім беру гранты иегерлері бар. Олар: 6B01710-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасындағы 3 курс студенттері Алиева Фариза Рақымжанқызы, Мұхтар Мөлдір Жұмаханқызы, Шадиева Жанат Асқарқызы, Батырбай Арайлым Мадиярқызы, Ильяс Балжан Уалиханқызы, 6B01730-Шетел тілі: екі шетел тілі білім беру бағдарламасындағы 3 курс студенттері: Давранова Чарос Илхамжановна, Қасым Айнұр Төреханқызы, Абдумажидова Алинур Фарходовна, Шамшидин Гүлнұр Медеубекқызы, Шамшидин Гүлнұр Медеубекқызы, Тлектес Айткүл Жеңісқызы, Тұрсынбай Бану Қайратқызы.

Кафедрада студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоғары деңгейде орындау мақсатында «Полиглот», «Лингвист» үйірмелері жұмыс жүргізеді. Жыл сайын студенттердің ғылыми-теориялық конференциясы өткізіледі. Біздің студенттер Халықаралық, республикалық, аймақтық конференцияларға қатысып, жүлделі орындарды иеленді.

Білім беру бағдарламасының студенттері Қазақстанның, шетелдің жоғары оқу орындарында келісім-шарт негізінде академиялық ұтқырлықтан өткізіледі. Олар оқу-танымдық, өндірістік, педагогика-психологиялық, педагогикалық, дипломалды практикаларын мектепте өткізеді.

Біз дайындаған мамандар жұмыссыз қалмайды. Бітірушілердің барлығы жұмыспен қамтылған. Айталық, 2014 жылы 6M011700-Қазақ тілі және әдебиеті мамандығын бітіруші Насирдинов Бауыржан қазіргі таңда М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің Абайтану ғылыми-зерттеу орталығында оқытушы, 2014 жылы 6M011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын бітіруші Нұрбекова Әйгерім, қазіргі таңда ОҚО-ның Білім басқармасының «Оңтүстік Қазақстан политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы, 2017 жылы 6M011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын бітіруші Исаева Ұмсынай, Алматы қаласындағы Республикалық СЭС-те мемлекеттік тілді дамыту бөлімінің меңгерушісі, кәсіподақ комитетінің төрағасы, 2014 жылы 5B011900-Аударма ісі мамандығын бітіруші Бактығариева Лилия, қазіргі таңда физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, 2010 жылы 6M020700-Аударма ісі мамандығын бітіруші Сайдиғанова Хасият Толкуновна, қазіргі таңда физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде Халықаралық қатынастар бөлімінің басқарушысы болып қызмет атқарса, т.б. студенттеріміз де өз білім беру бағдарламалары бойынша жұмыспен қамтылған. Біздің түлектер бәсекеге қабілетті мамандар. Сондықтан барлық уақытта сұранысқа ие болады. Білім беру бағдарламасының мынадай артықшылығын айтуға болады:

1. Журналист бола аласыз;
2. Кез келген газетте редактор қызметін атқара аласыз;
3. Мемлекеттік мекеменің іс-қағазын жүргізесіз;
4. Аудармашылық қызметті де атқара аласыз;
5. Сізді кез келген мектеп, колледж мұғалім, ЖОО-ға оқытушы ретінде шақыра алады;
6. Ғылыми-зерттеу институтында ғылыми қызметкер де бола аласыз;
7. PhD біліміңізді шыңдап, ғалым боласыз.

**Ұлбосын ҚАЙЫРБЕКОВА,**  
Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті, филология және тілдер кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

<b>Кафедра 6B01710-Қазақ тілі және әдебиеті, 6B01720-Орыс тілі және әдебиеті, 6B01730- Шет тілі:екі шетел тілі, 7M01710-Қазақ тілі және әдебиеті, 7M01730-Шет тілі:екі шетел тілі білім беру бағдарламасы бойынша педагогикалық бағытта бакалаврлар мен магистранттар даярлаумен айналысады. Филология және тілдер кафедрасының білім беру бағдарламасын даярлау бағыты:</b>			
Мамандық шифры	Мамандық	Оқу мерзімі	Біліктілігі
Бакалавр 6B01710	Қазақ тілі мен әдебиеті	4 жыл	Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім бакалавры
6B01720	Орыс тілі мен әдебиеті	4 жыл	Орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім бакалавры
6B01730	Шет тілі: екі шетел тілі	4 жыл	Шет тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша білім бакалавры
Магистратура 7M01710	Қазақ тілі мен әдебиеті	2 жыл	Педагогика ғылымдарының магистрі
7M01730	Шет тілі: екі шетел тілі	2 жыл	Педагогика ғылымдарының магистрі

да оқу қашан да үлкен мақтаныш болған. Мұнда талапкерлер мен ата-аналардың үміттері ақталып, армандары орындалады. 6B01710-Қазақ тілі және әдебиеті, 6B01720-Орыс тілі және әдебиеті, 6B01730- Шет тілі:екі

лы Халықаралық мамандандырылған аккредиттеуден (АРТА) 5 жылға өткен. Аккредиттеуден 5 жылға өтудің өзі кафедра оқытушы-профессорлар еңбегінің жоғары көрсеткішін нақтылайды. Кафедра үш тілді терең меңгерген ма-

# Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы хабарлайды!

Бақылау-касса машиналары бойынша өзгерістер

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап «Әкімшілік қққық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (ӘҚБ) 284-бабына ҚКМ бақылау тексеруінде бір немесе бірнеше деректемелерді көрсетпегені үшін жауапкершілікті қарастыратын өзгерістер енгізу жоспарлануда.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті онлайн БКМ- (бұдан әрі – бақылау-касса машиналары) тексеру деректеріне талдау жүргізді, нәтижесінде қайтарылған чектер бөлігінде тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің жеке баптары түріндегі міндетті реквизиттер болып табылмайды.

Салық органдары Салық кодексінің 166-бабының 6-тармағына сәйкес міндетті деректемелердің ҚКМ фискалдық тексерулерінде көрсетілуін қамтамасыз етуіңізді сұрайды.

1)салық төлеушінің атауы;

2)салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

3)бақылау-касса машинасының реттік нөмірі;

4)салық органындағы бақылау-касса машинасының тіркеу нөмірі;

5)чектің реттік нөмірі;

6)тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету күні мен уақыты;

7)тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің бірлігіне баға;

8)фискалдық атрибут;

9)фискалдық деректер операторының атауы және деректерді бекіту және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарының бақылау түбіртегінің түпнұсқалығын тексеруге арналған фискалдық деректер операторының интернет-ресурсының деректемелері;

10)тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің атауы;

11)сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің саны, олардың өлшем бірлігі;

12)тауарларды, жұмыстарды,

көрсетілетін қызметтерді өткізудің жалпы сомасы;

13)ставкасын көрсете отырып, қосылған ққн салығының сомасы, бірақ салық салынатын қосылған ққн салығы бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналым - егер салық төлеуші қосылған ққн салығын төлеуші болып табылса;

14)бақылау-касса машинасын пайдалану орнының мекенжайы;

15)бақылау-касса машинасын алу туралы кодталған нысандағы ақпаратты қамтитын штрих-код.

Екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің филиалдары және банк операцияларының жеке леген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар пайдаланатын аппараттық және бағдарламалық жүйелерді бақылауды тексеру нысаны мен мазмұнын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді. уәкілетті органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасы. Валюта

айырбастау пункттеріндегі, металл сынықтарын, шыны бұйымдарды қабылдайтын, ломбардтарда қолданылатын бақылау-касса машиналарының чекінде өткізу сомасы мен сатып алу сомасы туралы ақпарат қосымша көрсетілуге тиіс. 2022 жылғы өзгерістерге назар аударыңыз: 7) 166-бапта: 7-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын: «Деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машинасының чекінде, сондай-ақ сатып алушының (клиенттің), тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушының өтініші бойынша сатып алушының (клиенттің) сәйкестендіру нөмірі, алушы».

**Р.БАЙМАҚАШЕВА,**  
Созақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы.

## Сенім телефоны

«Созақ ауданының Таукент кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексіне сәйкес, мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған «Созақ ауданының Таукент кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жөнінде 2-61-38 телефонына хабарласуға болады.

**«Созақ ауданының Таукент кенті әкімінің аппараты» ММ.**

## Жарамсыз деп танылсын

**Төреханов Марат Амангелдіұлының** иелігіндегі 1986 жылы шығарылған «Газ 53» маркалы автокөлігінің техникалық төлқұжаты мен Х 906 ZZM санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

**Төреханов Марат Амангелдіұлының** иелігіндегі 1988 жылы шығарылған «Москвич 412 ИЭ028» маркалы автокөлігінің техникалық төлқұжаты мен Х 723 LCM санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

**Нурманов Габит Джабыкбаевичтің** атына берілген 05.05.2021 жылы жасалған Қыземшек кентіндегі 7 үй, 21 пәтерді сатып алу-сату шарты құжаты жоғалуына байланысты, жарамсыз деп танылсын.

## Сағынышпен біз сені еске аламыз

Балдысу ауылының тұрғыны, асыл жар, аяулы әке, ағайын-туыспен дос-жаранға сыйлы болған **Шайдазымов Айтбай Ниязұлының** дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Жаны жайсаң әкеміздің жарқын бейнесі жүректерде сақтаулы.

**Жылдар жылжып барады ағысымен, Өмір өттер додалы жарысымен. Сен кеткелі қырық күннің жүзі болпты, Күндер өтіп, ақ таңның атысымен. Әттің, әттің тағдырға шара бар ма, Ұрпақтарың аман болсын арамызда. Уақыт емші, бәрине де көндігерміз, Жазылар жанға түскен жарамыз да. Сағынышпен біз сені еске аламыз, Тағдырдың дегеніне бағынамыз. Дұға құран ішінде болыңыздар, Қырық күндік асына шақырамыз,**

- деп, асыл әкеміздің рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, қада-жеке, замандастарының есіне саламыз. **Ас – 12 ақпан күні (11 ақпан – қонақ асы, Балдысу ауылындағы өз шаңырағында өтеді) Шолаққорған ауылы, «Үміт» дәмханасында сағат 12:00-де беріледі. (Карантин талаптарын сақтай отырып).**

**Асқа шақырушылар: жұбайы, ұл-қыздары.**



Аудан әкімі аппараты, аудандық мәслихат, аудандық ардагерлер кеңесі аудандық мәслихаттың депутаты Нұржамал Майусоваға анасы

**Анардың**

қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтастып көңіл айтады.

## Ақысыз тіл курстарына шақырамыз!

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында берілген нақты тапсырмаларды орындау, нысаналы индикаторларға қол жеткізу мақсатында Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ауданның ересек тұрғындарын, мемлекеттік қызметшілер мен түрлі сала қызметкерлерін қазақ, орыс, ағылшын тілдерін сауатты меңгеруге шақырады. Оқыту курстары ересек тұрғындарға тегін жүргізіледі. Тіл үйренгісі келетін азаматтар үшін тәжірибелі оқытушылар дәріс береді. Мемлекеттік тіл – ҚАЗТЕСТ жүйесі арқылы қарапайым, базалық, орта, ортадан жоғары,

жоғары деңгейлері бойынша меңгеріледі. Орыс тілінің сабақтарында лексикасы мен грамматикасы және ауыз екі сөйлеуге дағдыландыру дәрістері жүзеге асырылады. Ал ағылшын тілі қарапайым, орта, (Beginner, Elementary) деңгейлері бойынша кезеңімен оқытылады. Біздің байланыс телефонымыз: 4-29-85, 4-28-21, 8771-627-02-06, 8778-626-90-36. Мекен-жайымыз: Жібек Жолы көшесі, №5. «Мыңжылқы» мәдениет сарайының ғимаратында.

**Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығының» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.**

## Электр қондырғыларындағы өрт қауіпсіздігі

Электр жүйелері мен жабдықтары жоғары өрт қауіптілігін тудыратыны ешкімге құпия емес. Әрбір үйде тұрғындар электр техника және жылыту құралдарын белсене пайдаланады, нәтижесінде аталған кезеңдегі өрттердің басым бөлігі дәстүрлі түрде электр техникаға немесе оларды дұрыс қолданбауға байланысты себептерден орын алады. Өрттің себебі электр сымдарының қысқа тұйықталуы болып табылады. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бірыңғай жалпы әдісі, сонымен қатар электр жабдықтарының өрт қауіпсіздігінің жеке әдісі жану көзінің пайдалану қауіпі, тез жанғыш ортаның, өрттің таралу жолдарының пайдалану болуын жоюды немесе шектеуді көздейді. Өрт қауіпсіздігі талаптарымен элетротехникалық және жылыту қондырғыларын құру мен пайдалану кезінде орындалатын ережелер белгіленген, оларды орындау өзіңді өрттің пайда болу қауіпінен барынша қауіпсіздендіру мүмкіндігін береді. Электр құралдарын пайдаланған кезде:

- электр қуатын қабылдағыштарды (электр құралдарын) оларды дайындаушы мекемелердің нұсқаулықтары талаптарына сәйкес келмейтін немесе ақаулығы бар болған жағдайларда қолдануға, сонымен қатар зақымданған немесе қорғағыш белгілерін жоғалтқан оқшаулаулары бар электр сымдары мен кабелдерін пайдалануға;

- тежегіштердің балқығыш ендірмелері жанып кеткен жағдайда қолдан жасалған ендірмелерді қоюға болмайды, бұл барлық электр сымдарының қызып кетуіне, олардың қысқа тұйықталуына және өрттің пайдалануына әкеліп соғады;

- ашық электр сымдарын бояуға немесе үстінен тұс қағаз жапсыруға;

- ақаулы ажыратқыштарды, розеткалар мен патрондарды қолдануға;

- электр шамдарын жанғыш материалдардан жасалған абажурлармен жабуға; - жылу реттегіші жоқ немесе ақаулы электр жылытқыш құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

Электр сымдарына мөлшерден тыс салмақтың түсуін, олардың қатты қызып кетуі мен өтпелі қарсылығын болдырмау үшін жоғары қуатты бірнеше электр құралдарын бір розеткаға қосуға болмайды. Жиі түрде өрттің себептері - қосылып, қараусыз қалған электр жылытқыш құралдарының (электр плиталары, су қайнатқыштар, каминдер, үтіктер, грелкалар) жанында орналасқан жанғыш заттардың тұтануы болып табылады. Қосылған электр жылытқыш құралдары жылуды сақтайтын жанбайтын қойғыштарға орнатылуы қажет. Сымдардың оқшауларының кеуіп кетуі мен зақымдалуының алдын алу үшін оларды жылитын жерлердің (пештер, түтіндіктер, жылыту батареялары, т.б.) бетімен жүргізуге болмайды. Үйден ұзақ уақытқа кеткен кезде электр жылытқыш және жарық бергіш құралдардың өшірілгендігін тексеріп, көз жеткізген жөн.

**С.СЕЙДАХМЕТОВ,**  
Созақ ауданындағы №11 өрт сөндіру бөлімінің бастығы м.у.а азаматтық қорғау лейтенанты.

## Созақ ауданы бойынша ауылшаруашылығы жануарларын асырайтын заңды және жеке тұлғалармен, шаруа қожалық басшыларының назарына!

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 «Ветеринария туралы» Заңының 25 бабына сәйкес жеке және заңды тұлғалар: ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді және ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өз жануарларына уақтылы профилактикалық вакцина егуге және олардың диагностикасын қамтамасыз етуге міндетті.

Аудан көлеміндегі эпизоотиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету және жануарлар мен адамға ортақ аурулардың алдын алу үшін жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасы «Ветеринария туралы» Заңының 25 бабында белгіленген міндеттерді орындауға тиісті.

25-бап. Жеке және заңды тұлғалардың жануарлар ауруларының, оның ішінде жануарлар мен адамға ортақ аурулардың алдын алу жөніндегі міндеттері.

### Жеке және заңды тұлғалар:

1) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңдармен белгіленген жануарлар ауруларының алдын алуды және орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелерді сақтай отырып, ветеринариялық және әкімшілік-шаруашылық іс-шараларды жүзеге асыруға;

2) зоопарктердегі, цирктердегі, омарталардағы, аквариумдардағы жануарларды қоса алғанда, жануарлардың ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелер мен ветеринариялық нормативтерге сәйкес ұсталуын, өсірілуін және пайдаланылуын жүзеге асыруға;

3) аумақты, мал шаруашылығы қора-жайларын, сондай-ақ жемшөпті, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты сақтауға және өңдеуге арналған ғимараттарды ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелер мен ветеринариялық нормативтерге сәйкес ұстауға, қоршаған ортаның ластануына жол бермеуге;

4) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, өңдеу мен өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін орналастыру, салу, қайта жаңғырту және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды сақтауға;

5) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз етуге;

6) жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық

ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына;

жаңадан сатып алынған жануар (жануарлар), алынған тел, оның (олардың) сойылғаны мен өткізілгені;

жануарлар қырылған, бірнеше жануар бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы хабарлауға және ауру деп күдік келтірілген кезде, ветеринария саласындағы мамандар, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар келгенге дейін жануарларды оқшаулап ұстау жөнінде шаралар қолдануға;

7) ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өз жануарларына уақтылы вакцина егуге және олардың диагностикасын қамтамасыз етуге;

8) алып тасталды - ҚР 17.01.2014 № 165-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

9) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларға орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді ветеринариялық тексеру үшін кедергісіз беруге;

10) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың актілерін орындауға;

11) союдың алдында ветеринариялық тексеру жүргізбей жануарларды өткізу үшін союға және сойғаннан кейін ұшалары мен мүшелеріне ветеринариялық-санитариялық сараптама жасамай өткізуге жол бермеуге;

11-1) кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын ет өңдейтін кәсіпорындарда, сою пункттерінде немесе сою алаңдарында (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарында) союды жүзеге асыруға;

12) ветеринария саласындағы мамандардың ветеринариялық іс-шаралар өткізу бойынша қызметті міндеттерін орындауы кезінде оларға жәрдем көрсетуге;

12-1) жануарларды карантиндеуді жүргізуге;

13) жаңа, жетілдірілген ветеринариялық препараттарға, тамақ өнімін, жемшөп, жемшөп қоспаларын өндіруге арналған нормативтік-техникалық құжаттаманы уәкілетті органмен келісуге міндетті.

ҚР АШМ ВБЖҚК Созақ аудандық аумақтық инспекциясы бойынша Ақпаратпен төмендегі сілтеме бойынша танысуға болады:

“Ветеринария туралы” Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі N339 Заңы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000339> <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000339>

**Б.СӘРСЕНБЕК,**  
**ҚР АШМ ВБЖҚК Созақ аудандық аумақтық инспекциясы бас маман - мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы.**



## Шипалы ем-жанға қуат

Мен тәжірибесі бар дәрігер ретінде үлкен жаңалықпен бөліскім келеді. Қазіргі кезде Созақ ауданынан шықпай-ақ омыртқа жотасының грыжаларынан толығымен емдеп жазылу мүмкіндігі туындағанын хабарлаймын.

Себебі, қандай аурумен ауырсаң, сол ауруды емдеу тәсілдерімен терең танысып, зерттейтініміз баршамызға мәлім. Сол сияқты мен де соңғы 3 жылдан бері бел ауруына ұшырап, әртүрлі емдерді бастан өткердім. Атап айтқанда: дәрілік майларды жағып, инелер салып, турникке тартылып, массаждар қабылдап, уқалайтын үзгіштер мен жүзу жаттығуларына ретсіз барып, уақытша нәтижелермен шектеліп, жазылмай жүрдім.

2021 жылдың желтоқсан айында бел ауруымның асқынуы нәтижесінде тік жүруден қалып, еңкейіп жүрудің өзі мұңға айналды. Әрбір қадам жасаған сайын көзімнен ыстық жас домалауға дайын тұратын болды. «Отырсам тұра алмай, тұрсам отыра алмайтын» дәрежеге жеттім. Бірте-бірте ұйқыдан қалдым. Себебі, белім мен арқамнан тартып тұрған түйін жатқызбайтын халге жеткізді. «Мүгедектік маған да жетті ме?» деген уайыммен емдеудің жолдарын іздедім.

Сол кезде Таукент елді мекенінен жекеменшік бөлме ашқан дәрігер Сатаев Сұлтаннның емдеу тәсілі туралы есіттім. Алғашқыда жас маманның емдеп жазатынына күмәнім болғанын жасыра алмаймын. Басқа барар жерім болмаған соң, «суға кеткен тал қармайды» деп барғаным рас. Бірақ дәрігер Сұлтаннның жүргізген емдеу-жаттығуларының нәтижесінде, 3 күннен соң ұйқым жақсара бастады, 5 күн дегенде жүрісім оңалып, 10 күннен кейін отырып-тұруым жеңілдеді. Араға 20 күн салып емді тоқтатып, тағы да 10 күн емделген соң белімдегі тіреліп жібермей тұрған түйін жоғалды.

Қазіргі таңда «Грыжа» - ауруының пайда болу себебін толықтай түсіндім. Біздің бүткіл тұлғамызды ұстап тұрған омыртқа жотасының әрбір қимылы бұлшық еттердің ширақтығына байланысты екен. Олар мықты болу үшін, жиі жиырылып-жазылып, жаттықтырылып тұру қажет екен. Жаттығу сайын омыртқадағы сүйектер мен сіңірлерге

қоректік заттар тасымалданады. Олай болса, қимылы азайған адамдардың омыртқасындағы зат алмасу жұмыстары нашарлап, бұлшық еттері босап, әлсірейді. Осы кезде денесі қыздырылмай жүрген адамдар оқыс қимылдаса, ауыр зат көтерсе, ауырлық түскен бұлшық етте қатты тырысу салдарынан түйінделу пайда болады. Сол түйіннің әсерінен бұлшық еттің ширақтық қасиеті жоғалып, түйінделіп, тартылып қалғандықтан, ауырсыну белгілері артады. Адамның жүрісі өзгереді, отырып-тұруы қиындайды. Нәтижесінде қимылы азайып, бұлшық еттердің қоректенуі нашарлап салдарынан «Протрузия, остеохондроз, сколиоз, грыжа» пайда болады екен. Ал дәрігер Сұлтаннның ауданға әкелген құрылғыларының көмегімен, сол бұлшық еттердің қимылдарын қайта іске қосу мақсатында, еріксіз жаттығулар жасаумен оятып, тірілтеді екен.

Әрине, оңай шаруа емес. Жылдар бойы жиналған аурудан бірден жазылып кету



мүмкін еместігі айқын. Десек те, осындай аурудан жазылуға көмектесетін жаңалықты ауданымызға әкеліп, бастама жасап жүрген жас маманның біліктілігі мен табанды еңбегіне, жауапкершілігімен еңбекқорлығына ризашылығым шексіз. Сонымен қатар, мен ем қабылдау барысында, дәрігер Сұлтаннның бойында осындай науқастарды айтқызыбай түсінетін, емдеу жолдарын сезетін, тума қасиеті де бар екенін байқағандаймын.

**Гүлжанат АҚҚОЗИЕВА,**  
**Шолаққорған ауылы тұрғыны.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:

**Абилпаттаев Ержан**  
**БАКЫТЖАНОВИЧ**

Бас редактор:  
**Теңізбаев Сәрсенбек**  
**САЙЛАУБЕКҰЛЫ**

Жауапты хатшы:  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы-

Аға тілші-

**Нұржамал МАЙУСОВА**

Тілшілер-

**Данияр БЕКОВ**

**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**

**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**

Дизайнер-

**Асхан БАҚТЫБАЕВ**

Терішші-

**Бағила АЯЗБАЕВА**

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен өкі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, Байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
3900 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.